



12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

Азаматтық тінту ордерлері





Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Азаматтық тінту ордерлері

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

Жоспар:

Азаматтық тінту ордерінің сипаты
Азаматтық тінту ордерлерін берудің критерийлері
Өзін-өзі айыптауға қарсы айырықшы құқықтар
1981 жылғы Жоғарғы сот туралы Заңның 72 тарауы
2006 жылғы Алаяқтық туралы заңның 13 тарауы
Төлқұжатты сақтау туралы сот қаулылары
Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. АЗАМАТТЫҚ ТІНТУ ОРДЕРІНІҢ СИПАТЫ

Азаматтық тінту туралы ордерлер (бұрын «Anton Piller» атымен таныс ордерлер) мәлімдеушіге жауапкердің үй-жайын қарап, құқық бұзушылыққа қатысы бар деген кез-келген дәлелді алуға немесе дәлелмен қамтамасыз ету мақсатындағы қосымша сот тыйым салулары болып табылады.

Іздеу тінтулері бір жақты тәртіпте жүзеге асырылады. Оның мәні — кенеттен тінту жасау мен айғақтарды жоюдың алдын алуда.

Тінту ордерін жүзеге асыруға шектеулі адамдарға ғана рұқсат беріледі, әдетте, мәлімдеуші немесе оның адвокатына және «қадағалаушы адвокатқа» (кімнің бақылауымен тінту жүргізіп жатқанынан және тараптарға қандай да бір жолмен бағынышты емес тұлғаға), олар жауапкердің үй-жайына кіре алады. Сондай-ақ ғимарат немесе көлік құралы Англия немесе Уэльсте болуы қажет.

Бұл көмек мүлік пен құпиялылық мәселесін шешкенде ерекше пайдалы. Азаматтық тінту ордерлері сот тыйым салулары секілді жиі кездеспейді. Тек Үлкен сот қана азаматтық тінту ордерін шығара алады.

Тінтудің ауқымы дәлелдемені, мүлікті немесе бұйрықпен қамтылған өзге де материалдармен шектеледі.

Жауапкерге қаулы тінту ордері берілгеннен кейін, оның адвокатпен кеңесуіне екі сағат уақыт беріледі, сол уақыттың ішінде ол мәлімдеуші мен тәуелсіз адвокатқа ғимаратқа кіріп «қарауға» рұқсат беруі қажет.

Өзге жағдайда жауапкер сотқа құрмет көрсетпеген болып саналады. Егжей-тежейлі тінту басталғаннан кейін мәлімдеуші материалдың көшірмесін немесе үлгісін алуға немесе жоғалып кетпеу үшін алып кетуге құқылы.

Жауапкерді қорғау. Азаматтық тінту ордері мен уақытша тоқтата тұру сот тыйым салу туралы бұйрықтардың көптеген ұқсастықтары бар.

2. АЗАМАТТЫҚ ТІНТУ ОРДЕРЛЕРІН БЕРУДІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Азаматтық тінту ордерлерін берудің жинақталған белгілері (критерийлері):

1) мәлімдеушінің шағым негізі бойынша жоғарғы дәлелі «prima facie» болуы қажет; Ордер жауапкердің тек заңға қайшы әрекеті себебінен жасалмауы қажет;

2) арнайы бұйрық берілмеген жағдайда мәлімдеушінің қызығушылығына үлкен қауіп төнуі мүмкін деген айғақты себеп болуы қажет;

3) егер кенеттен тінту жасалмаса, жауапкер тиісті материалды жойып жіберетіні дәлелденуі қажет;

4) «ex parte» мәлімдемесінде арнайы көрсетілуі керек жағдай: кейінірек талқылау барысында, ex parte уақытша тоқтата тұру ордері орындалмаған жағдайда жауапкер тиісті түрде қорғалатын болады: «орындаушымен келтірілуі мүмкін зиян жауапкер мен оның ісіне қатысты ордер шамадан тыс өрескел немесе заңға қарама-қайшы болмауы керек».

3. ӨЗІН-ӨЗІ АЙЫПТАУҒА ҚАРСЫ АЙЫРЫҚШЫ ҚҰҚЫҚТАР

Өзін-өзі айыптауға қарсы айырықшы құқықтар 1968 жылғы Азаматтық дәлелдер туралы Заңның 14-тарауымен анықталады:

[Ұлыбритания заңнамасына сәйкес] Егер тұлғаны (немесе оның жұбайын немесе зайыбын) қылмыстық жауапкершіліктен басқа сот өндірісіне немесе өзге де жауапқа тартуға алып келсе, қандай да бір сот ісін жүргізу барысында адамның қандай да бір сұраққа жауап беруден немесе қандай да бір құжатты немесе әрекетті жасаудан бас тартуға құқылы.

С plc қарсы тарап P (2007) ісінде апелляциялық соттың басым көпшілігі қаулы етті, Saunders қарсы тарап UK (1996) ісі бойынша Адам құқықтары туралы Еуропалық соттың шешімін қолдана отырып, сот



өндірісін мәжбүрлейтін ордер шыққанға дейін құжаттар мен заттарға қатысты ешқандай басымдылықтар болмайды.

C plc қарсы тарап P (2007) ісінде Лорд-судья Lawrence Collins келесі жайтты атап өтті, бұл істе көпшіліктің шешімі Страсбург заңдары бойынша қолдау тапса да, Лордтар палатасының өкілеттігі онымен келісе алмайды. Бұл шиеленіс сот процесінде Лордтар Палатасы дәлелдерді тыңдамағандықтан (бұған дейін олар апелляцияға рұқсат берді) шешілмеген болатын. Осылайша, C plc қарсы тарап P (2007) ісіндегі апелляциялық сот шешімі шешілмеген күйінде қалды.

Заң ережесі келесі істер бойынша артықшылықтарды алып тастады:

- Алаяқтықпен байланысты қылмыстық істер аясындағы өзін-өзі айыптау;
- Азаматтық істердегі зияткерлік меншік;
- Азаматтық істердегі ақпараттың құпиялығы;
- Активтер туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілетін неке талқылаулары.

Бұл жағдайларда жауапкер нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат пен құжатты ашуға міндетті, дегенмен бұл ақпарат немесе құжат алаяқтық үшін қылмыстық қудалауда немесе зияткерлік меншікке зиян келтіруге (қылмыста) тұлғаның өзіне қарсы қолданыла алмайды.

3.1 1981 жылғы Жоғары деңгейлі соттар туралы заңның 72 тарауы.

Бұл ереже «зияткерлік меншікке» қатысты шағымдарда қолданылады. Азаматтық тараптың өзін-өзі айыптауына қатысты артықшылық берудің жалпы құқығына қарамастан, аталған ереже ақпаратты жариялау міндеті болған кезде тиісті азаматтық тарап ақпаратты жариялауы қажет. Дегенмен осы ереже аясында анықталған ақпарат тиісті қылмыс үшін қылмыстық сот процесінде оған қарсы қолданыла алмайды.

«Зияткерлік меншік» ретінде танылады:

- Кез-келген патент
- Сауда маркасы
- Авторлық құқық
- Дизайн құқығы
- Тіркелген дизайн
- Техникалық немесе коммерциялық ақпарат немесе өзге де зияткерлік құқық

Grey қарсы тарап News Group Newspapers (2012) ісі бойынша Жоғарғы сот қаулысына сай, егер ақпарат бизнеске немесе коммерцияға қатысты болмаса, ол жеке басқа қатысты ақпарат ретінде танылады. Жоғарғы сот келесі көзқараспен келіспеді:

- «техникалық және коммерциялық ақпарат» ретінде саналмайтын, бұқаралық ақпарат құралдарына «жәй әңгіме» ретінде сатылатын ақпарат;
- бизнеске жатпайтын коммерциялық ақпарат өзге зияткерлік меншікке әсер етуі мүмкін деген ұстанымды қабылдамады.

Бұл мәселе Phillips атты азаматшаның (Stephen Coogan атты азаматқа қатысты сот талқылауы) азаматтық ісінде туындаған болатын, жауапкерлер мәлімдеушінің ұялы телефонында болған дыбыстық хабарламаларды заңсыз «бұзған». Мәлімдеушілер азаматтық талап қоюға қолдау көрсету мақсатында ақпаратты ашуды талап етті. Айыптаушылар өзін-өзі айыптауға қарсы артықшылықтармен қорғалған ақпарат негізінде ақпаратты ашуға қарсылық танытты. Мәлімдеушілердің ұстанымы бойынша, артықшылықтар аталған фактілерге қатысты болғанымен, 1981 жылғы заңның 72 тарауы жауапкерлердің ақпаратты ашуын талап етуге негіз болады. Олай болса, 72 тарау азаматтық іс барысында алынған ақпарат тиісті қылмыстық қудалау кезінде прокуратура органдарымен қолданыла алмайтындығын көрсетеді.

Grey қарсы тарап News Group Newspapers (2012) ісінде Жоғарғы сот (Апелляциялық сот шешімімен салыстырғанда) «техникалық немесе коммерциялық ақпарат немесе өзге де зияткерлік меншік» түсінігін тар мағынада қолданды. Коммерциялық емес немесе жеке ақпарат бұл түсінік қатарына кірмейді. Жоғарғы сот бұл істе 72 тарауды қолдануының ең маңызды себебі ретінде дыбыстық хабарламалар мәтінінің шығармашылыққа қатысты болуымен түсіндірді (Grey қарсы тарап News Group Newspapers ісінде апелляциялық сот шешімі 72 тарауды қолданылғандықтан шешім жойылған болатын. Себебі 72 тарау бойынша коммерциялық немесе коммерциялық емес мәселе болғанына қарамастан, құпия ақпараттың барлық нысаны қамтылған).

Grey қарсы тарап News Group Newspapers (2012 ж.) істе Жоғарғы соттың ойынша жеке құпия



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Азаматтық тінту ордерлері

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

(коммерциялық емес) ақпаратты «бұзу» келесі жайттарға алып келуі мүмкін:

- 1981 жылғы Заңның 72 тарауы аясынан тыс құқық бұзушы қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады;
- сондықтан осы контекстте артықшылық толығымен қолданылуы мүмкін және 72 тарау оның күшін жоққа шығармайды. Бұл азаматтық өндіріс аясында артықшылық тоқтауы мүмкін екенін білдіреді.

«Техникалық немесе коммерциялық ақпарат немесе өзге де зияткерлік меншік» түсінігінің либералды түсіндірмесін апелляциялық сотта қабылданған Lord Neuberger шешімінен көруге болады. Аталған істе азаматтық сот өндірісі барысында артықшылықтарға қатысты тосқауылды жою тенденциясы да байқалады (бұл түсіндірме Жоғарғы сотпен мақұлданған деп айтуға болады). Керісінше, Жоғарғы сот 72 тарау мәтін түсіндірмесінің қатаң түрін қолдануды жөн санайды. Осы саладағы заңның «шашыраңқылық» табиғатымен және талап қоюшының зияткерлік меншікте құқығы бар материалға қарақшылық жасауымен оның зиян келтіруі шектелген.

Дегенмен осы мәселедегі Апелляциялық соттың шешімі қолдау таппағаны өкінішті. Жоғарғы соттың шешімі 72 тарау шеңберіне кірмейтіндіктен құпия мәліметтер қатарына жатпайтынды және бұл артықшылық азаматтық сот өндірісіне қатысты сенімге нұқсан келтіруі мүмкін.

Жоғарғы сот талқылауы: Gray қарсы тарап News Group Newspapers (2012) істе Lord Walker келесі жайтты хабарлады:

«Құпия ақпараттың барлығы қалыпты жағдайда техникалық немесе коммерциялық деп танылуы мүмкін емес. Мәселе, өмірге қауіпті ауруды ашқысы келмеген тұлғаның жеке өмірі туралы БАҚ сеніп тапсырылған ақпаратты құпия (танымал тұлға болса да) ашу қаржылық пайда табуға бағытталған жағдайда да.

Дегенмен Lord Walker дыбыстық хабарламалар коммерциялық нысанда болғанын келесі жайттармен түсіндіреді:

«Азаматша Phillips (азаматтық мәлімдеушілердің бірі ретінде) оның клиенттерімен қалдырылған дыбыстық хабарламаларда коммерциялық құпия ақпарат болғандығын хабарлап жалынады... ол нақты жеке және коммерциялық ақпараттың пропорциясын ашып көрсетпеді».

Жоғарғы сот Екінші тармақшаға назар аударды. 1981 жылғы Үлкен соттар туралы заңның 72 тарауы («хаккерлік» фактілерді) қылмыстық сөз байласушылық алғаш анықталғаннан кейін орын алған құқық бұзушылықтарды қамтиды ма? Осыған орай, Жоғарғы сот жауап берді: «Ия, қамтиды»: сөз байласушылық кезінің барлығында болған құқық бұзушылықтар тиісті қылмыстардың қатарына жатады және 72 тарауға сәйкес қорғалады. Lord Walker осы мәселені қарап, келесідей қорытынды жасайды:

«Егер Mulcaire мырза (айыпталушылардың бірі) ұялы телефондағы хабарламаларды ұстап алып отыру үшін бір немесе бірнеше адаммен сөз байласқан болса, сөз байласқан сәт терісқылық жасалған сәт болып саналады. Терісқылық келісім бойынша әрекет еткен барлық кезеңде жалғасқан. Әрбір хабарламаны ұстап алу терісқылық барысында жүзеге асырылған».

Бұдан шығатын қорытынды, 72 тарау жауапкерді тиісті сөз байласудың барлық кезеңінде сот қудалауынан қорғайды. Осылайша, мүмкін болатын қылмысты ашу туралы ереже 72 тараумен қамтылмаған. Азаматтық жауапкерлер азаматтық процесте қарастырылған ақпаратты ашудан бас тартатын өздерінің артықшылықтарын көтере алмайды. 72 тарау тиісті ақпаратқа қатысты қолданылғандықтан мұндай ақпаратты ашу міндетті болып табылады.

3.2 2006 жылғы Алаяқтық туралы заңның 13 тарауы

Өзін-өзі айыптауға қарсы артықшылық 2006 жылғы Алаяқтық туралы заңның 13 тарауымен реттеледі. Бұл ереже Kensington International Limited қарсы тарап Republic of Congo (2007) істе қаралған болатын. Бұл ереже екі бөлімге қатысты.

Біріншіден, 2006 жылғы Алаяқтық туралы заң аясында қаулы азаматтық іс жүргізу барысында шығарылып, мүлікті немесе ақшаны қалпына келтірумен байланысты алаяқтық туралы айыптауға алып келгеніне қарамастан, тұлға ақпаратты немесе құжатты ашу туралы ағылшын қаулысынан бас тарта алмайды.

Екіншіден, азаматтық міндетті іс жүргізу барысында алынған ақпарат алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылық кезінде тұлғаға немесе оның әйеліне қарсы қолданыла алмайды.

Жалпы алғанда, мүмкін болатын жауапкердің құжатты немесе электрондық хатты қасақана жоюы қылмыстық жауапкершілікке алып келуі мүмкін (Douglas қарсы тарап Hello! Ltd (2003) істегі австралиялық



шешім).

4. ТӨЛҚҰЖАТТЫ САҚТАУ ТУРАЛЫ СОТ ҚАУЛЫЛАРЫ

Ағылшын соттары жауапкерге немесе мүмкін болатын жауапкерге елден шығуға кедергі келтіріп, одан өз төлқұжаттан бас тартуға мәжбүрлеуі мүмкін («Bayer қарсы тарап Winter orders»). Судья Mostyn аталған тақырып бойынша ережені Young қарсы тарап Young (2012) ісінде қарастырған болатын. Ол қазіргі жетекші басқару органдарын атап өтті (Kuwait Airways Corp қарсы тарап Iraqi Airways Co) (2010) ісі). Young қарсы тарап Young (2012) ісі бойынша судья Mostyn 1869 жылғы Бoryшкерлер туралы заңның 6 тарауында (1925 жылғы Жоғарғы сот (консолидация) туралы заңның 224(1) тарауына енгізілген өзгерістерімен) көрсетілген тиісті шектеулерді айналып өтуге болмайтынын атап өтті.

Атап айтқанда:

- Мән-жайға байланысты шешім үшін орынды негіздемені анықтау;
- Жауапкер абақтыға жабылмаса, ол заңды жауапкершіліктен кетіп қалуы мүмкін деген орынды негіздеменің болуы;
- Жауапқа тартағын жауапкердің болмауы, талап қоюшының сот кудалауындағы әрекетіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Young қарсы тарап Young (2012) ісінде мәлімдеуші сотпен мәжбүрлі түрде алынған төлқұжатын қайтаруға тырысты, себебі ол уақытша ордерге сай белгіленген алиментті төлемеді. Сондай-ақ оның активтерді ашуында да түсінбеушіліктер болды. Осы жайттарға байланысты ол сотқа құрмет көрсетпеді. Судья бұл құрмет көрсетпеу үшін қамауда ұстауды тағайындаған болатын (ереже бойынша құрмет көрсетпеу 17.27 және әрі қарай), дегенмен отбасылық іске қатысты бұл жаза сот талқылауы аяқталғанға дейін тоқтатылды, себебі жауапкерден, әйелі алимент алуды көздеді. Жауапкер Африкаға барып қайырымдылықпен айналысу үшін төлқұжатын қайтаруға талпынды. Судья Mostyn, күмән танытып, төлқұжатын беруден бас тартты. Айта кететін жайт, бұл істе тұлғаның ешбір құқығына зиян келтірілген жоқ.

Дегенмен, бұл төлқұжатты алу бойынша азаматтық юрисдикция жалпы бостандықты шектеуді қарастырғанымен, сот абайлап әрекет етуі қажет. Солай бола тұрса да, жауапкердің Африкада жасырынып қалатыны анық болатын, егер төлқұжат қайтарылса сот алиментті өндіріп алу бойынша барлық тиімді әрекеттерден айрылып қалатын еді. Сондықтан судья Mostyn келесі шешімге келді, төлқұжат келесі болатын азаматтық сот тыңдалымына дейін қайтарылмайды. Судья ұзақ уақыт бойы төлқұжатты алу істі шешудегі сот билігіне нұқсан келтіруі мүмкін екендігін мойындады. Осындай іс Kuwait Airways Corp қарсы тарап Iraqi Airways Co (2010) қаралған болатын, онда Апелляциялық сот ағылшын юрисдикциясына қатысып отырған шетел азаматының төлқұжатын беру керек деген бұйрық шығарды. Бұл бұйрық ақпаратты ашуды қолдау мақсатында жасалды. Төлқұжатты алу бұйрығы Tipstaff (сот қаулыларының міндетті орындалуын қадағалайтын, лауазымды тұлға) қабылдаған қамауға алумен қатар жүрді.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.